



МАЭК

55 ЖЫЛ

«МАЭК» ЖШС КОРПОРАТИВТІК БАСЫЛЫМЫ



Вице-министрдің іс сапары

1-2



МАЭК-55: ЗПД

2-4



ҚЫС – 2023



Встреча с профсоюзами

6-7



АКБ: жаңа көліктер

15

ҚР ЭНЕРГЕТИКА ВИЦЕ-МИНИСТРІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ



Маңғыстау облысына жұмыс сапары аясында ҚР Энергетика вице-министрі Асхат Хасенов «МАЭК» ЖШС-де болып, комбинаттың қызметімен және жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысты.

«МАЭК» ЖШС Бас директорының м.а. Мұрат Иғалиев кәсіпорынның бүгінгі жағдайы және оны одан әрі жаңғырту жоспарлары туралы баяндады. Өндірістік жабдықтарды күрделі жөндеу және жаңғырту бойынша Энергетика министрлігінің келісімімен Жол картасы бекітілді. Атап айтқанда, ЖЭС - те 2024 жылы №3 энергия блогын ішінара жаңғыртып, кешенді күрделі жөндеу, 2025 жылы №2, ал 2026 жылы №1 энергия блоктарын жаңғырту жоспарланған. Осы жұмыстар іске асырылған

соң, яғни екі жылдан кейін электр энергиясын өндіру 130 МВт-қа дейін ұлғайтылады деп жоспарлануда.

Кездесу барысында су алу арналарын тереңдету және олардың деңгейін тез қалпына келтіру мәселесіне де назар аударылды. Қазіргі уақытта «МАЭК» ЖШС соңғы жылдары Каспий теңізі деңгейінің төмендеуі нәтижесінде пайда болған құмды-лай шөгінділерінен канал түбін тазарту жұмыстарын жүргізуде. Жақын арада осындай жұмыстар екінші су арнасында да басталады.

Асхат Хасенов Жылу электр станциясында болып, қолға алынған жөндеу жұмыстарының барысымен, жабдықтардың бүгінгі жай-күйімен танысты.



РАБОЧИЙ ВИЗИТ ВИЦЕ-МИНИСТРА ЭНЕРГЕТИКИ РК


В рамках рабочей поездки в Мангистаускую область вице-министр энергетики РК Асхат Хасенов посетил ТОО «МАЭК». Здесь он ознакомился с деятельностью энергокомбината и проводимыми работами.

И.о. генерального директора ТОО «МАЭК» Мурат Игалиев доложил о текущем состоянии предприятия и планах по его дальнейшей модернизации. По согласованию с Министерством энергетики утверждена Дорожная карта, в которой предусмотрены капитальный ремонт и модернизация производственных мощностей. В частности, на ТЭС в 2024 году запланирован комплексный капитальный ремонт с частичной модернизацией энергоблока №3, в 2025 году - модернизация энергоблока №2 и

энергоблока №1 в 2026 году соответственно. Планируется, что уже через пару лет, благодаря реализации этих работ, будет увеличена генерация электроэнергии до 130 МВт.

В ходе встречи внимание было уделено также вопросу углубления водозаборных каналов и быстрого восстановления их уровня. В настоящее время ТОО «МАЭК» ведет работы по очистке дна канала от песчано-иловых отложений, которые образуются здесь в результате снижения в последние годы уровня Каспийского моря. В ближайшее время аналогичные работы начнутся и на втором канале.

Асхат Хасенов посетил также ТЭС, где ознакомился с ходом работ на станции.



ДИСТИЛЛЯТ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ЖЫЛУ, СУМЕН ҚАМТУ ЗАУЫТЫ (ДӨЖӨЖСЖЗ)

Маңғыстау облысында ауыз сумен қамтамасыз етуге жеткілікті болатын жер үсті немесе жерасты табиғи су көздері жоқ. 1960 жылдары жергілікті су қорына кеңінен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, жер асты сулары жоғары минеральды (-3÷5 г/л) болғандықтан шаруашылық және ауыз су ретінде пайдалануға жарамсыз екендігі белгілі болды. Ең мол су көзі Каспий теңізі, бірақ мұндағы судың тұздылығы жоғары -13÷15 г/л.

1960 жылы өңірді сумен қамту мәселесін шешу мақсатында теңіз суын термикалық жолмен тұщытатын өндірістік қондырғы құру жұмыстарын Свердловск химиялық машина құрастыру ғылыми зерттеу орталығы мен Москва Өндірістік жобалар ғылыми зерттеу орталығының қызметкерлері өндірістегі мамандармен біріге отырып жүргізді. Стендтік зертхана және теңіз суын тұщыту өндірістік полигоны құрылып, 1961 жылы 30 мамырда дистилляттың алғашқы литрі алынды. Сол күннен бастап тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ететін тұщыту кешендерін пайдалану, Каспий теңізінің суын тұщыту тарихы басталды.

1963 жылға дейін бой көтере бастаған Ақтау поселкесінің тұрғындары тек жер асты суларын ғана пайдалана алды. Темір жол мен теңіз порты құрылыстары жаңадан басталған болатын. 1963 жылы өнімділігі -150÷160т/сағ. болатын тәжірибелік-өнеркәсіптік буландыру қондырғысы және өнімділігі тәулігіне 7500 тн болатын ауыз су дайындау тәжірибелік станциясы пайдалануға берілді. Мұнда дайындалған дистиллят Маңғыстау жартыаралының Оңтүстік батысында орналасқан Құйылыс кенорнынан алынған минеральды сумен араластырылды.

Тәжірибелік-өнеркәсіптік буландыру қондырғысы 1963 жылдан 2000 жылға дейін дистиллят өндірді. Оның басқарылуы қарапайым әрі пайдалануға өте сенімді болды. Осы қондырғының жұмыс тәжірибесінің негізінде жаңа Өндірістік буландыру қондырғысы жобаланып, салынды. Оның Тәжірибелік-өнеркәсіптік буландыру қондырғысынан айырмашылығы, ол 5 корпусан құралған және өнімділігі 3 есе артық яғни тәулігіне 12000 тн болды. ӨБҚ 1967 жылы сәуір айында іске қосылды. Бұл қондырғы 1998 жылға дейін ақаусыз

жұмыс істеді. Ақтау қаласы аумағының кеңейіп, өндіріс орындарының көптеп ашылуына байланысты су қолданушы тұтынушылар да көбейді. Сондықтан, СППВ-28, СППВ-35, 40 іске қосылды.

Осылайша сумен қамту мәселесі шешілді. Тәжірибе станциясында жасанды жолмен дайындалған ауыз су арнайы стандарттардың барлық талаптарына сәйкес болды. Алғашқы жылдары тұтынушылар судың дәмі нашар, иісі ұнамсыз дейтін. Бірақ, бұл кемшіліктер біртіндеп жойылды.

Қазірде Ақтау қаласының тұрғындары мен қала маңындағы өндіріс орындары ДӨЖЖСЖЗ-да Каспий теңізі суынан дистиллят дайындау арқылы алынған ауыз суымен және «Құйылыс-Меловое» кенорнынан өндірілген жер асты суынан дайындалатын шаруашылық суымен қамтамасыз етілуде.

Зауытта дистиллят дайындайтын №1 цех және ауыз су мен техникалық суды дайындап, сонымен қатар ыстық суды қалаға жөнелтетін №2 цех негізгі өндірістік жұмыстарды атқарауда.

Су тұшыту саласындағы үздіксіз және көптеген зерттеулер көлденең құбырлы пленкалы буландырғыштармен (ГТПИ) жабдықталған суды тұзсыздандыру қондырғыларының жаңа буынын құруға әкелді. Олар буландырғыштардың басқа түрлеріне қарағанда бірқатар маңызды артықшылықтарға ие: жылу беру қарқындылығының жоғары болуы, металл сыйымдылығы, жинақылығы, сенімділігі (дистилляттың жоғары сапасы жылу алмасу құбырлары ішінара бұзылған жағдайда да сақталады).

Соңғы жылдары қолданыста көлденең құбырлы пленкалы буландырғышпен жабдықталған жылу электр станцияларының бу генераторларындағы су дайындау жүйесін жоғары сапалы дистиллятпен қамтуға негізделген су тұшыту қондырғылары пайда болды.

ДТҚ және ГТПИ қондырғылары жалпы өндірісте және теңіз суының шығыны, буландыруға кететін су

шығыны және будың шығыны секілді ауыспалы үш параметрді реттейтін автоматты аппаратты басқару және бақылауда да өте қарапайым әрі сенімді.

Ал 2013-2014 жылдары өнімділігі тәулігіне 12000м³ болатын ГТПИ-2, ГТПИ-3 қондырғылары іске қосылды. Қондырғылардың жұмысы SIDEM компаниясы әзірлеген жоба бойынша дистиллят шығаруды көлденең құбырлы пленкалы буландырғыш және буды термокомпрессиялау арқылы көпсатылы төмен температурадағы процестермен жүзеге асыруға негізделген.

Комбинаттағы су дайындаудың ерекше тәжірибесі, яғни Каспий теңізінің суын термикалық жолмен тұшыту арқылы дистиллят алу негізінде ауыз су дайындау технологиясының сенімділігін көрсетеді.

Қазіргі уақытта, Маңғыстау облысы әкімдігінің қолдауымен «МАЭК» ЖШС технологиялық жабдықтарын жаңғырту бағдарламасы аясында ДӨЖЖСЖЗ су тұшыту кешендерінің қуаттылығын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Осы мақсатта зауытқа ЛАМШ-77-2-0.05 жылу алмастырғыш түтіктері жеткізілді. Бұл түтіктер істен шыққан буландырғыш аппараттардың жылыту камералары мен жылытқыштардың түтіктерін ауыстыруға арналған. Жазғы кезеңде ДТҚ-7 және ДТҚ-11 жылыту камералары ауыстырылды. 2023 жылдың соңына дейін ДТҚ-9 жылыту камерасын ауыстыру жоспарлануда. Барлық 3 камераны ауыстырғаннан кейін дистилляттың орташа тәуліктік өнімділігі тәулігіне 4000 тоннаға дейін артады деп күтілуде.

Бұдан басқа, жаңа технологияларды игеру, сондай-ақ өнімділікті одан әрі арттыру және Ақтау қаласы мен іргелес елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында су өндіру бойынша жаңа қуаттарды жобалау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ДӨЖЖСЖЗ су тұшыту цехының өндірістік алаңының аумағында қуаттылығы тәулігіне 25 000 тоннаға дейінгі кері осмос қондырғыларын салу жоспарлануда.



ЗАВОД ПО ПРОИЗВОДСТВУ ДИСТИЛЛЯТА И ПРОМЫШЛЕННОГО ТЕПЛОДОСНАБЖЕНИЯ (ЗПДИПТВС)

ЗПДиПТВС обеспечивает население и промышленность Мангистау, питьевой водой, приготовленной из дистиллята, полученного путем опреснения морской воды из Каспийского моря, а также хозяйственной водой, добытой из подземного месторождения «Куюлус-Меловое».

Структурно завод состоит из двух основных цехов – цех №1 (ЗПД – завод производства дистиллята) и цех №2 (ПТВС – цех промышленного теплоснабжения), который занимается приготовлением питьевой и технической воды, транспортировкой горячей воды и отпуском питьевой, технической воды, тепловой энергии в горячей воде.

В 60-ые годы прошлого столетия на полуострове были разведаны большие запасы подземных вод, которые не могли быть пригодны для хозяйственно-питьевого водоснабжения из-за высокой минерализации (3÷5 г/л). Мощным источником воды является Каспийское море, но солесодержание морской воды еще выше - 13÷15 г/л.

Для решения задачи водоснабжения региона в 1960 году были созданы стендовая лаборатория и полигон по опреснению воды Каспийского моря. Работы по созданию промышленных установок по термическому опреснению воды Каспия возглавили Свердловский НИИ химического машиностроения (СредНИИХиммаш) и Московский институт ПромНИИпроект в содружестве со специалистами-производственниками ПГМК. Уже через год были получены первые литры дистиллята. С этого момента начался период эксплуатации технологического комплекса, задачей которого было обеспечение населения доброкачественной питьевой водой, что является одной из самых актуальных проблем в Республике Казахстан, особенно в нашем крае.

На основе полученных исследованиями экспериментальных данных ПромНИИпроект в последствии был разработан проект Первой опытно-промышленной испарительной установки (ОПИУ) с производительностью - 150÷160 тонн/час, которая в конце 1963 года была пущена в эксплуатацию, а также опытная станция приготовления питьевой воды, имеющая производительность 7500 тонн/сутки питьевой воды (ОСППВ). Из многих предложений было одобрено приготовление искусственной питьевой воды на основе получаемого из морской воды дистиллята и местной минерализованной воды подземного водозабора «Куюлус-Меловое».

Искусственно приготовленная на ОСППВ питьевая вода отвечала требованиям ГОСТа. Правда, по началу утверждали, что вкус не тот и запах непривычный. Эти трудности со временем преодолели.

Опытно-промышленная испарительная установка (1963 - 2000гг.) проста в управлении, надежна в эксплуатации. На основе опыта ее работы была спроектирована и построена промышленная

испарительная установка (ПИУ), которая в отличие от ОПИУ состояла из 5 корпусов, производительностью около 12000 тонн/сутки. Пуск ПИУ состоялся в апреле 1967 года. Установка успешно эксплуатировалась более 30 лет.

С развитием города и промышленных предприятий, т.е. с ростом водопотребления, в последствии были введены в эксплуатацию СППВ-28 и СППВ-35,40, а также опреснительные установки.

Непрерывные и многочисленные исследования в области опреснения привели к созданию нового поколения опреснительных установок, оснащенных горизонтально-трубными пленочными испарителями (ГТПИ). Они имеют ряд существенных преимуществ перед другими типами испарителей: высокую интенсивность теплопередачи, малую металлоемкость, компактность, надежность (высокое качество дистиллята сохраняется даже при частичном разрушении теплообменных труб).

Для реконструкции действующего опреснительного комплекса в 2006 году было принято решение о демонтаже ДОУ-5 и привязке на этой площадке новой опреснительной установки Израильского производства ДОУ-12 с присоединением технологических трубопроводов и электроснабжения к действующим.

Опреснительная установка ДОУ-12 предназначена для обеспечения высококачественным дистиллятом глубокой очистки системы приготовления питательной воды парогенераторов тепловых электростанций. Установка спроектирована с целью снижения затрат и надежной эксплуатации.

ДОУ с ГТПИ – являются простыми и надежными в работе, в контроле и управлении на базе автоматической аппаратуры, основанной на регулировании трёх независимых переменных параметров: расходе морской воды, расходе воды на испарение и расходе пара.

В 2013 и 2014 годах установлены и введены в эксплуатацию ГТПИ-2, ГТПИ-3 с производительностью 12000 м³/сутки каждый, вместе со вспомогательным оборудованием (насосы, КиП, система автоматизации и т.д.).

Работа установок основана на разработанном компанией SIDEM многоступенчатом низкотемпературном процессе дистилляции с использованием горизонтально-трубчатых пленочных испарителей (ГТПИ) и термокомпрессией пара.

Уникальный опыт производства питьевой воды на Мангистауском энергокомбинате, доказывает надежность применяемой технологии приготовления питьевой воды, основанной на фильтрационном методе глубокой очистки и обогащения дистиллята, полученного методом термического опреснения морской воды Каспийского моря.

В настоящее время, в рамках модернизации технологического оборудования ТОО «МАЭК», при

поддержке акимата Мангистауской области, проводятся работы по поддержанию рабочих мощностей опреснительного комплекса ЗПДиПТВС. Так, были поставлены теплообменные трубки ЛАМШ-77-2-0.05. Данные трубки предназначены для замены вышедших из строя трубок греющих камер выпарных аппаратов и подогревателей. В летний период были произведены замены греющих камер ДОУ-7 и ДОУ-11. До конца 2023 года планируется замена греющей камеры ДОУ-9. Ожидаемое увеличение среднесуточной производительности после замены всех 3-х камер - до 4000 тонн/сутки дистиллята.

Кроме того, с целью освоения новых технологий, а также дальнейшего увеличения производительности и обеспечения водоснабжения г. Актау и прилегающих населённых пунктов, ведутся работы проектирования новых мощностей по производству воды. На территории производственной площадки цеха опреснения ЗПДиПТВС планируется строительство установок обратного осмоса мощностью до 25 000 тонн/сутки.



ПЕРВУЮ СМЕНУ ПОМНЮ, КАК СЕЙЧАС



Владимир Бархоянц уже больше 30 лет работает на Мангистауском атомном энергокомбинате, который обеспечивает светом, водой и теплом весь полуостров. На заводе производства дистиллята и промышленного тепловодоснабжения МАЭК заместитель главного инженера по эксплуатации знает каждый винтик.

Обычные работники предприятий как правило остаются в тени. Однако именно от их работы, порой круглосуточной, зависит жизнеобеспечение сразу нескольких городов и промышленных предприятий целой области. Владимир Бархоянц часто бывал на МАЭКе еще в детстве – здесь работал его отец – он приехал в Шевченко (ныне Актау) молодым специалистом. Еще тогда школьник решил пойти по стопам отца, поэтому сразу после окончания школы в 1990 году пришел на предприятие. Его приняли на работу в качестве ученика аппаратчика.

«На тот момент мне не было 18 лет, поэтому по закону

нельзя было работать в смену. Меня поставили работать в день, и я учился, осваивал азы. Меня тогда называли сыном полка. В смену я вышел уже после 18 лет, сдал допуск на минимальный четвертый разряд и проработал аппаратчиком до 1994 года. В то тяжелое время многие уезжали, и освобождались вакансии, поэтому меня поставили на должность старшего аппаратчика. Параллельно учился заочно в колледже – в то время как раз открыли несколько специальностей для МАЭКа, окончил его со специальностью техник-теплотехник. Затем успел поработать мастером блока – здесь бригада занималась эксплуатацией и ремонтом оборудования. В 2001 году решил, что мне необходимо высшее образование и поступил в университет на специальность «Промышленная теплоэнергетика», - говорит Владимир.

В последующие годы работал начальником смены, отдела, где была уже не оперативная, а рутинная работа, а затем в 2020 году стал заместителем главного инженера по эксплуатации завода производства дистиллята и промышленного тепловодоснабжения.

«Как раньше мы уже не работаем. То есть, если раньше можно было пойти после работы домой и спокойно спать, то сейчас так не получается, потому что постоянно что-то происходит. День начинается очень рано с планерки, здесь отчитываются начальники смен, которые работали ночью – были ли пуски, отключения, остановки, ремонты. Исходя из докладов и планируем весь рабочий день. Даже если нет аварийных ситуаций, то очень много текущей работы, потому что процесс производства дистиллята, питьевой и технической воды непрерывный – 24 часа в сутки. А если же происходят какие-то аварии, то вообще с работы не уходим, остаемся и в праздники, и в выходные. Надо постоянно контролировать и по возможности быстро устранять

проблемы, чтобы город не остался без воды», - отмечает заместитель главного инженера завода.

Сейчас на заводе идет модернизация, поэтому сотрудникам приходится осваивать оборудование, на котором раньше не работали. Самое сложное, как отмечает Владимир, это первые дни в каждой новой должности. А самое запоминающееся – это первая рабочая смена.

«Я помню свою самую первую смену, когда остаешься один на 12 часов. Есть такое выражение: «Начальник смены – это ночной директор завода». То есть, сам принимаешь решения под свою ответственность. Это было очень волнительно, особенно когда был молодым начинающим специалистом», - вспоминает Владимир Бархоянц.

Свободного времени при таком графике работы очень мало, признается Владимир. Но все равно находит время для дачи.

«Дача – это моя отдушина. Приедешь с работы с загруженной головой, поковыряешься в земле, посидишь у камина, и сразу все мысли становятся на места».



Кроме того, Владимир любит ездить по родному полуострову и открывать для себя его необыкновенные пейзажи. А еще – он ярый болельщик футбола, но сейчас уже не играет. Заслуженный работник комбината, ветеран труда и почетный ветеран труда комбината отмечает – для него важно, чтобы производство работало, ведь есть и личная заинтересованность.

«На даче всегда нужна вода. Да и как обычный житель города я хочу, чтобы дома всегда была вода. Лучшая награда – это отсутствие жалоб со стороны потребителей. Да, пока мы этим похвастаться не можем. Но стараемся сделать так, чтобы таких жалоб было меньше, и чтобы в доме каждого жителя из крана шла вода».

Пятнадцатилетний сын Владимира сейчас учится в колледже на электромеханика. Отец не уверен в том, что парень пойдет по его стопам, ведь он не раз был свидетелем аврала на работе у Владимира. Однако Владимир Бархоянц все же надеется, что сын продолжит династию и придет работать на энергокомбинат

Источник: mangystaumedia.kz/ru



ҚЫС – 2023



Ақтауда Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Жұмабай Қарағаев және облыс орталығының басшысы Ұлықбек Тналиевтің басшылығымен «Қыс-2023» Республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді. Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты азаматтық қорғаудың

мемлекеттік жүйесінің басқару органдары мен күштерін қыс мезгіліндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға дайындау болып табылады. Жаттығуға облыс бойынша өңірдің азаматтық қорғау қызметтерінің жеке құрамынан барлығы 887 адам, 272 арнайы техника жұмылдырылды.

«Қыс-2023» РКШЖ 23-24 қараша аралығында Ақтау қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының келісімі бойынша ҚР Төтенше жағдайлар Министрлігінің қаулысына сәйкес өткізілді. «МАЭК» ЖШС ЖЭО-1 Ақтаудағы оқу-жаттығуларын өткізу орындарының бірі ретінде бекітілген болатын.

Жаттығу сценарийіне сәйкес, қардың қарқынды еруі мен жаңбыр, көп мөлшерде жауған бұршақ және қар араласқан жауын-шашынның нәтижесінде қазандықтың үстіндегі шатырдың ішінара бұзылуы, қазандық қорғағышының электр жинағына су тиіп оның ажырауы орын алады, салдарынан қаланы жылумен жабдықтау тоқтап, электр энергиясы да жартылай сөнеді. Төтенше жағдайдағы оқиға орнына келген Маңғыстау облысы

Төтенше жағдайлар департаментінің Дағдарыс жағдайлары басқармасының диспетчерлік қызметі ТЖ жою үшін қаланың барлық тиісті қызметтерін хабардар етті.

Командалық-штабтық оқу-жаттығуларды өткізу барысында «МАЭК» ЖШС-нің азаматтық қорғау объектілік құралымдары мен Ақтау қаласының азаматтық қорғау қызметтері мен аумақтық құралымдары басқару органдарының өзара іс-қимылы ұйымдастырылды. Бұл құрылымдар өртті сөндіру және эвакуациялық іс-шаралар бойынша шартты авариялық-құтқару операцияларын жүргізуде өз шеберліктерін көрсетті.

- Жедел-құтқару тобы авариялық-құтқару жұмыстарын сәтті өткізді. Арнайы операцияны орындау кезінде өзара іс-қимыл жасайтын барлық органдар қыс мезгіліндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және

жою іс-қимылдарына дайын екендіктерін көрсетті, - деп атап өтті қалалық Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы, Азаматтық қорғау подполковнигі Жандос Кенжебаев.



ҚЫС – 2023



В Ақтау под руководством Первого заместителя акима Мангистауской области Жумабая Карагаева и главы областного центра Улугбека Тналиева прошли республиканские командно-штабные учения «Қыс-2023». Целью учений является подготовка органов управления и сил государственной системы гражданской защиты к действиям по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций в условиях зимнего периода. Всего по области было задействовано 887 человек личного состава служб гражданской защиты региона, 272 единицы спецтехники.

РКШУ «Қыс-2023» проводились с 23 по 24 ноября согласно постановлению Министерства по чрезвычайным ситуациям РК по согласованию с управлением по ЧС г.Ақтау. ТЭЦ-1 ТОО «МАЭК» был избран в качестве места проведения тренировочных учений в областном центре.

Согласно сценарию учений, в результате интенсивного таяния снега и выпадения обильных осадков в виде дождя, града и снега, произошло частичное разрушение кровли над котлом, попадание воды на электрическую сборку защит котла, что привело к его останову, а это значит к отключению теплоснабжения города, частичному отключению

электроэнергии. В этой связи диспетчерской службой Управления в кризисных ситуациях ДЧС Мангистауской области были оповещены все соответствующие службы города для ликвидации ЧС, которые в экстренном порядке прибыли на место происшествия.

В ходе проведения командно-штабных учений было организовано взаимодействие объектовых формирований гражданской защиты ТОО «МАЭК» и органов управления служб гражданской защиты и территориальных формирований г. Ақтау. Данные структуры продемонстрировали мастерство в проведении условных аварийно-спасательных операциях по тушению пожара и эвакуационных мероприятиях.

- Оперативно-спасательная группа положительно провела аварийно-спасательные работы. Все взаимодействующие органы при выполнении специальной операции продемонстрировали готовность к действиям по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций в условиях зимнего периода, - отметил начальник управления по чрезвычайным ситуациям г.Ақтау, подполковник гражданской защиты Жандос Кенжебаев.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



«МАЭК» ЖШС-нде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің жұмыс істей бастағанына көп болған жоқ. Қызметтің мақсаты Серіктестіктің және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады. Комплаенс-қызметтің негізгі функциялары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысының алдын алу, жеке және заңды тұлғалардың заңнамаға қарсы іс-қимыл, сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын бұзу фактілері бойынша өтініштерін қарау, кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Мұхит Балхожаев бастаған мамандар кәсіпорын бөлімшелерін аралап, жаңадан құрылған комплаенс-қызметінің жұмысымен таныстырып, ұжым мүшелерін кез-келген жемқорлық іс-әрекетті болдырмауға, оның алдын алуға атсалысуға шақырып, кездесулер өткізуде. Кезекті осындай кездесу комбинаттың Күрделі құрылыс және жөндеу-құрылыс жұмыстары басқармасының ұжымымен болып өтті.

Басқарма қызметкерлеріне жемқорлық көрініс табатын бірнеше мысалдар баяндалды. Олардың ішінде, басшылардың пара алып, жұмысшылардың санаттарын негізсіз өсіруі, қызметкердің жұмысқа шықпауын жасыру, туыстық қатынастарға байланысты қызметкерлер арасындағы ерекше қарым-қатынас және қандай да бір қызмет үшін бопсалау немесе пайда табу, адамдарды тиісті біліктілігінсіз жұмысқа орналастыру, лауазымын жоғарылатқаны үшін ақшалай сыйақы алу, сонымен бірге тауарларды, жұмыстарды немесе қызметтерді алдын-ала таңдалған жеткізушілермен сатып алу т.б. фактілері бар.

Қазірде кәсіпорын қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлықтың кез келген мәселелері бойынша хабарлау үшін сенім телефоны (564-266) іске қосылған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын бұзушылықтар болса Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне тікелей жүгіне алады. Келіп түскен шағымдар бойынша қызмет мамандары құқық бұзушылықтарды анықтап, тиісті іс-шаралар жүргізеді. Шағыммен жүгінген қызметкерлерге «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде құпиялылыққа және қудалаудан қорғауға кепілдік беріледі.



НЕТ КОРРУПЦИИ

Антикоррупционная комплаенс-служба ТОО «МАЭК» начала свою работу 15 июня. Основная цель деятельности службы - обеспечение соблюдения энергопредприятием и его работниками законодательства РК о противодействии коррупции, а также мониторинг за реализацией мероприятий по ее противодействию. Функциональными обязанностями новой на комбинате службы являются предотвращение конфликта интересов, рассмотрение обращений физических и юридических лиц по фактам нарушений требований законодательства РК, коррупционных и других противоправных действий, формирование антикоррупционной культуры на предприятии.

На МАЭК прошла встреча Антикоррупционной комплаенс-службы с коллективом Управления капитального строительства и ремонтно-строительных работ комбината. Мухитом Балхожаевым были даны разъяснения по соблюдению антикоррупционного законодательства, по деятельности созданной службы.

Спикер также ознакомил работников УКСиРСП с некоторыми возможными частыми фактами проявления коррупции в компаниях. Среди них, получение взятки руководителями, необоснованное повышение разрядов и категорий работникам, укрывательство невыхода сотрудника на работу, особое обращение между работниками в связи с родством, вымогательство или

получение прибыли за какую-либо деятельность, трудоустройство людей без соответствующих квалификаций, получение денежного вознаграждения за продвижение по службе, а также предварительное использование товаров, работ или услуг и множество других противозаконных действий.

В целях противодействия и борьбы с коррупцией, на предприятии запущен телефон доверия (564-266). Также о неправомерных действиях коррупционного характера можно сообщать непосредственно в антикоррупционную комплаенс-службу МАЭК. Каждая поступившая жалоба будет обработана службой, специалисты которой проведут соответствующие мероприятия по выявлению и предотвращению правонарушений. Обратившимся гарантируется конфиденциальность и защита от преследований в рамках Закона РК «О противодействии коррупции».



КӘСІПОДАҚ МҮШЕЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ



Кәсіпорын басшылары комбинат қызметкерлері өкілдерімен және кәсіподақ мүшелерімен кездесу өткізді. Кездесуде ұжым мүшелері еңбек жағдайы, жұмыс киімдерінің сапасы, жұмыс орындарын қайта аттестаттау, жұмыскерлердің зиянды жағдайларда нақты болған уақытына қарай төлем жасау, айлық жалақыны көтеру, оларды әлеуметтік жағынан қолдау тақырыбындағы біраз мәселелерді талқыға салды.

Жиылысқа қатысушылар тарапынан қойылған барлық сұрақтарға департаменттер мен қызмет басшылары толық жауап беріп, кейбір мәселелердің шешу жолдарын баяндады. Сондай-ақ, кәсіподақ ұйымдарына алдағы уақытта туындаған проблемалық мәселелердің, сұрақтардың тізімін жасақтап, басшылықтың назарына тұрақты түрде ұсынып, оларды шешу бойынша бірлескен жұмысқа белсенді қатысуға кеңес берілді.

«МАЭК» ЖШС басшылығы 2022 және 2023 жылдары кәсіпорын қызметкерлерінің әлеуметтік және экономикалық өмір сүру деңгейін арттыруға, оның ішінде бұған дейін шешілмеген еңбек қатынастары бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді. Олардың ішінде, жалақыны көтеру, сауықтыруға қаражат бөлу, зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстармен айналысатын қызметкерлер үшін тең мүмкіндіктерді қарастыру және тағы басқалар бар.

Кездесу қорытындысымен департаменттердің, қызметтердің басшыларына және кәсіподақ төрағаларына бас қосуда талқыланған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берілді.

РАБОЧАЯ ВСТРЕЧА С ЧЛЕНАМИ ПРОФСОЮЗОВ

Руководство энергопредприятия провело очередное заседание с представителями профсоюзов и работников комбината. В ходе встречи были обсуждены вопросы, касающиеся условий труда, качества рабочей одежды, оплаты времени фактического пребывания во вредных условиях, повышения заработной платы и иные вопросы социального характера.

На все вопросы участников совещания, руководители департаментов и служб энергопредприятия подробно ответили и изложили пути решения некоторых из них. Профсоюзам рекомендовано активнее включаться в совместную работу по выявлению существующих



проблем и их решению, а также, на постоянной основе, предоставлять списки вопросов, волнующих сегодня работников предприятия.

Руководством ТОО «МАЭК» в 2022 и 2023 годах проведены работы, направленные на повышение социального и экономического уровня жизни работников предприятия, в том числе по трудовым отношениям, которые долгие годы не решались. В их

числе, повышение заработной платы, выделение средств на оздоровление, рассмотрение равных возможностей для сотрудников, которые заняты на работах с вредными условиями труда и другие.

По итогу совещания были даны соответствующие поручения руководителям департаментов, служб и председателям обоих профсоюзов.

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Кәсіпорында үш мыңнан астам қызметкерлер халық игілігі үшін біркәсіпдей жұмылып еңбек етуде. Олардың әрқайсысы күндіз-түні дамылсыз қызмет ететін кәсіпорынның дамуына баға жетпес үлес қосып жүрген жандар.

Солардың қатарында комбинаттағы ең ірі ұжым Жөндеу зауыты бөлімшесінің қызметкері Салауат Қауанұлы Сартпанов та бар. Ол кәсіпорында табан аудармастан 37 жылдан бері еңбек етіп келеді. Бүгінде ол зауыттың №2 орталықтандырылған жөндеу цехындағы тәжірибелі бригадирлердің бірі. Ұжымға соңғы келген жас мамандардың біразы осы Салауат ағаларының қарамағында еңбекке төселіп, мамандықтарының қыр-сырына үйренуде.

Қазан айында біздің әріптесіміз Ел Президентінің Жарлығымен энергетика саласындағы көпжылдық табысты еңбегі үшін III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденімен марапатталды. Өткен айда ҚР Энергетика министрлігінде өткізілген марапаттау рәсіміне Салауат Қауанұлы сырқатына байланысты қатыса алмаған болатын. Денсаулығын түзеп, емін аяқтап келген соң оған өңір басшысы Нұрлан Ноғаев Үкіметтің жоғары марапатын құрметпен табыстады.

Ақтау қаласының мерейлі мерекесі қарсаңында кәсіпорында 26 жыл еңбек еткен Орталық диспетчерлік қызметтің I санаттағы есептеу және режим жөніндегі инженері Ольга Козева және комбинатта 43 жыл қызмет жасаған, «AMANAT» партиясының хатшысы міндетін атқарған Айман Өтекова да марапатталды.

Ольга Козева Орталық диспетчерлік қызметтің күрделі әрі жауапты жұмыстарын жетік білетін, өз лауазымына қатысты міндеттерді толық меңгерген білікті маман. Сонымен бірге ол комбинаттың қоғамдық өміріне белсенді қатысады. Ольга Жергілікті кәсіподақ ұйымының комбинат басқармасындағы кәсіподақ комитетінің төрағасы, сонымен қатар ол қаладағы «Русское землячество» этномәдени бірлестігінің төрағасы. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Ольга Козева жақында Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевтың Алғыс хатымен марапатталды, ал облыс орталығының басшысы Ұлықбек Тналиев Ақтау қаласының 60 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен марапаттады.

Айман Өтекова 70 жаста, бірақ зейнеткерлік жасына қарамастан «МАЭК» ЖШС ардагерлер кеңесінде белсенді қызмет атқарады.

Айман апа комбинатта 43 жыл жұмыс істеді. Кәсіпорында қызмет істеген соңғы жылдары «AMANAT» бастауыш партия ұйымының хатшысы болды, комбинатта партияның түрлі іс-шараларын ұйымдастыруға белсенді қатысты. Бірнеше рет Құрмет грамоталарымен және басқа да марапаттармен марапатталды.

Еңбегі жоғары бағаланған әріптестерімізді марапатымен құттықтаймыз!



НАГРАДЫ НАШИМ



Более трех тысяч работников энергокомбината объединяют общие трудовые цели. Каждый неравнодушный сотрудник, вовлеченный в рабочий процесс, вносит неоценимый вклад в развитие предприятия.

Наверное, каждый работник самого многочисленного коллектива подразделения МАЭК – ремонтного завода, да и многие коллеги из других подразделений, знакомы с Салауатом Қауанұлы. Салауат Сартпанов работает на энергопредприятии уже 37 лет. Работники РЗ всегда могут обратиться к нему за поддержкой, зная, что бригадир, имеющий богатейший опыт и практическую мудрость, подскажет верное решение.

Еще в октябре нашему коллеге Указом Президента была присуждена государственная награда за многолетние успешные заслуги в области энергетики. Салауат Қауанұлы был удостоен ордена «Еңбек Даңқы» III степени. К сожалению, на церемонии награждения в Министерстве энергетики РК он присутствовать не смог, т.к. находился в отъезде. Однако, по приезду награду ему лично вручил глава региона Нурлан Ногаев.

За 26 лет работы на МАЭК, инженер по расчетам

и режимам I категории Центральной диспетчерской службы Ольга Козева зарекомендовала себя специалистом исполнительным, ответственным и инициативным. В ее обязанности входит производство перспективных расчетов потокораспределения активных и реактивных мощностей для определения загрузки отдельных элементов сети энергосистемы, уровней напряжения в контрольных точках энергосистемы комбината в нормальных, ремонтных и возможных аварийных режимах. Ольга также разрабатывает нормальные и ремонтные схемы электрических соединений основной сети ТОО «МАЭК», находящейся в оперативном управлении или ведении диспетчера, и режимные указания к ним и много другое.

В общем, работа непростая, и, казалось бы, даже не женская, но Ольга к любым задачам подходит ответственно. Вместе с тем она активно участвует в общественной жизни комбината. Является членом и председателем профкома управления комбината Локального профсоюза.

За годы работы на предприятии и свой профессионализм Ольга Козева заслужила уважение и привязанность своих коллег. В свободное от работы время они любят встречаться, общаться. Ольга также ведет активную деятельность в этнокультурном объединении «Русское землячество», председателем которого является с мая прошлого года. За вклад в социально-экономическое развитие региона, укрепление дружбы и сотрудничества между народами недавно была отмечена Благодарственным письмом акима Мангистауской области Нурлана Ногаева, а глава областного центра Улугбек Тналиев наградил Ольгу юбилейной медалью 60-летия города Актау.

Айман Утековой 70 лет, но, несмотря на свой пенсионный возраст она ведет активную деятельность в Совете ветеранов ТОО «МАЭК».

Айман апа проработала на комбинате 43 года. В последние годы работы на энергопредприятии была секретарем первичной партийной организации «AMANAT», активно участвовала в проведении различных мероприятий партии на комбинате. Не раз по праву поощрялась почетными грамотами и другими наградами.

Многолетний добросовестный труд Айман Тасмуратовны не остался незамеченным. В торжественной обстановке ей также была вручена юбилейная медаль 60-летия города Актау.

Поздравляем наших коллег!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫНЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ ЖӘН ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ



15 қарашада Қазақстанда ұлттық валюта күні атап өтілді. Биыл теңгенің айналымға енгізілгеніне 30 жыл толды.

Ұлттық валюта тәуелсіздіктің ажырамас атрибуты және мемлекеттің ақша жүйесінің негізі болып табылады. Айта кетейік, жақында Ұлттық Банк банкноттардың жаңа сериясын таныстырды. Банкноттар «Сақ стилі» элементтеріне негізделген және көшпенділердің бірегей мәдениетінен бастап қазіргі Қазақстанға дейінгі ел мұрасын бейнелейді.

15 қарашада қаржыгерлер күні де атап өтіледі. Бұл мемлекеттік қаржы институттары мен ұйымдарының, банк қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл күні «МАЭК» ЖШС-де Бауыржан Саматов басшылық ететін қаржы департаментінің қызметкерлері құттықтаулар қабылдады. Мұнда бүгінгі күні экономика және қаржы

саласында мол тәжірибесі бар 9 маман жұмыс істейді.

Департаменттің құрамына Қазынашылық және Қаржы тарту бөлімі кіреді.

Қазынашылық бөлімінің міндеті - күнделікті қаржылық қозғалыстарды қадағалай отырып, кәсіпорынның қаржылық міндеттемелерін орындау. Олар сондай-ақ, бюджет орындалысында ақша қаражаттарының мақсатты пайдаланылуын бақылайды.

Қаржы тарту бөлімі комбинатта іске асырылатын және жоспарланған жобаларды қаржыландыру мүмкіндіктерін қарастырады, өз қызметін бюджет қаражатын сұрау бойынша ҚР Бюджет кодексіне сәйкес жүзеге асырады. Бөлім мамандары кәсіпорынның өндірістік құрылымдарымен бірлесіп, Қаржылық экономикалық негіздемелер (КЭН) әзірлеп, мемлекеттік органдарға бюджеттік өтінімдер берумен де айналысады.

Ағымдағы жылы қаржы департаменті қызметкерлерінің тікелей қатысуымен Үкімет пен Маңғыстау облысы әкімдігінің резервтерінен 7,5 млрд теңге бөлінді, қазірде қаржы игеріле бастады. Қаражат электр станциялары мен су тұшыту кешенінің жабдықтары мен қосалқы бөлшектерін сатып алуға бағытталған.

Бұдан басқа, облыстық бюджет қаражаты есебінен 1 144 млн.теңге, оның ішінде су тұшыту қондырғысын салу үшін 789 млн. теңге және арнайы техниканы жаңарту және сатып алу үшін 355 млн. теңге тартылды.

- Бүгінде қаржыгерлердің алдында ақшалай ресурстарды сауатты жоспарлау және бөлу, оларды жұмсаудың тиімділігін басқару бойынша күрделі міндеттер тұр. Біздің мамандар өз міндеттеріне жауапкершілікпен және кәсіби тұрғыдан қарайды, ал бұл жұмысты нәтижелі етеді, - деп атап өтті Бауыржан Саматов.

ЮБИЛЕЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ КАЗАХСТАНА И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ ПРАЗДНИК РАБОТНИКОВ ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЫ

15 ноября в Казахстане отметили День национальной валюты. В этом году с момента введения в оборот тенге исполнилось 30 лет.

Национальная валюта является неотъемлемым атрибутом Независимости и основой денежной системы государства. Отметим, что Нацбанк презентовал новую серию банкнот. Она основана на элементах «Сакского стиля» и отражает наследие страны – от уникальной культуры кочевников до современного Казахстана.

15 ноября отмечается также День финансиста. Это профессиональный праздник государственных финансовых учреждений и организаций, сотрудников банков. В ТОО «МАЭК» в этот день принимали

поздравления работники Департамента финансов, директором которого является Бауыржан Саматов. Под его руководством на сегодняшний день трудятся 9 специалистов, имеющих большой опыт в области экономики и финансов.

В состав департамента входят казначейство и отдел по привлечению финансов.

Задача казначейства – исполнение финансовых обязательств предприятия с отслеживанием ежедневных финансовых движений. Они также контролируют исполнение бюджета денежных средств в части целевого их использования.

Отдел по привлечению финансов рассматривает

возможности финансирования реализуемых и планируемых проектов на комбинате, осуществляет деятельность в соответствии с Бюджетным кодексом РК по запросу бюджетных средств. Специалисты отдела совместно с производственными структурами также занимаются подачей бюджетных заявок в государственные органы с разработкой ФЭО.

В текущем году, при непосредственном участии сотрудников Департамента финансов, из резервов правительства и акимата Мангистауской области было выделено 7,5 млрд тенге, освоение которых уже начаты. Средства направлены на приобретение оборудования и

запасных запчастей электростанций и опреснительного комплекса.

Кроме того, за счет средств областного бюджета были привлечены 1 144 млн.тенге, из них 789 млн.тенге для строительства опреснительной установки и 355 млн.тенге для обновления и приобретения спецтехники.

- Сегодня перед финансистами стоят непростые задачи по грамотному планированию и распределению денежных ресурсов, управление эффективностью их расходования. Наши специалисты ответственно и профессионально относятся к своим задачам, что делает работу результативнее, - отмечает Бауыржан Саматов.



ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА

*Ғылым сауһар - Бағасы жоқ,
Надандық кесел - Дауасы жоқ*

МАЭК еліміздегі тіршілікке қажетті барлық ресурстарды өндіретін бірден-бір кәсіпорын. Ішер суымызды, жаныңды жадыратар жарықты, үйіміздегі жылуды, бәрін-бәрін біз осы комбинаттан аламыз. Алпысыншы жылдардың басында кәсіпорын аумағында әлемде алғаш рет жылдам нейтронды атом реакторының құрылысы басталғаны белгілі. Түбек тіршілігін жандандыру, ғылым саласындағы осынау керемет жетістіктерді жүзеге асыру мақсатында сол жылдары Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен ондаған мамандар жіберілді. МАЭК-те Одақтың бірнеше ғылыми орталықтары мен институттарының қызметкерлері, ғалымдар жұмыс істеді. БН-350 реактор қондырғысы жанындағы физика-техникалық және химиялық зертханада әлемдік деңгейде танымал ғалымдар өз жобаларын жүзеге асырды. Зауыттың орталық зертханасының теңіз суын тұщытуды зерттеу бөлімшесінде осы саладағы барлық жаңа технологиялар сынақтан өткізілді. Комбинат су, жылу, жарық өндіретін кәсіпорын ғана емес, сондай-ақ жаңа жобалар сынақтан өтіп, жүзеге асырылатын үлкен ғылыми орталық болды. Мұнда 20 шақты ғылым кандидаттары, 5 ғылым докторы қызмет жасады. Кезінде ғылым ошағы саналған «МАЭК» ЖШС жұмысы осы сала қызметкерлері үшін маңыздылығын күні бүгінге дейін жойған жоқ.

Гаухар Жұмабекова өз саласындағы зерттеу жұмыстарына МАЭК қызметін мысалға алып «Экологиялық жағдайдағы есеп, аудит және талдауды ұйымдастыру» тақырыбында монография шығарған ғалым экономист. Кейін Гаухар өзінің болашақ ғылыми жұмыстарын кәсіпорында жалғастырмақ ниетпен осында қызметке орналасты. Қазірде ол Адам ресурстарын басқару департаментінің Еңбекақы төлеу және ұйымдастыру бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Лауазымдық жұмыстарының көптігіне қарамастан ол ғылыммен айналысуды жалғастыруда. Гаухар ханым қазірде «Теңіз балдырларын инновациялық технологиялық өңдеу арқылы органикалық тыңайтқыштарға енгізудің экономикалық тиімділігі» тақырыбындағы жаңа зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Гаухар Жүніскызы жасынан жүрек қалауымен таңдаған мамандығын ерекше құрмет тұтатын және сол саладағы іс-тәжірибесін ғылыммен ұштастыра еңбек етіп жүрген жандардың бірі.

«Мамандығын жазбай таңдап, білім алып, қоғамның белсенді бір мүшесіне айналу әрбір жастың басты арманы ғой. Орта мектепті тәмамдаған соң үлкен өмірге алғашқы қадамды Жамбыл гидромелиоративтік-құрылыс институтынан бастадым. 1994 жылы осындағы Экономика факультетінен инженер-экономист мамандығын алып шықтым. Сол жылдары институтта осы мамандықты қазақ тілінде оқытатын оқытушылар қажет болып, өзім оқыған

сүйікті оқу орнындағы «Бухгалтерлік есеп және қаржы» кафедрасына ассистент қызметіне жұмысқа қалдырылды. Одан әрі оқытушы және аға оқытушы қызметтерін атқарды. 1995 жылы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясының «Бухгалтерлік есеп, аудит, шаруашылық қызметті бақылау және талдау» мамандығы бойынша аспирантураға түстім. 2000 жылы «Агробиржалардағы бухгалтерлік есеп пен аудитті ұйымдастыру» тақырыбындағы диссертацияны сәтті қорғап экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болдым. Одан әрі Тараз қаласындағы М.Х.Дулати атындағы мемлекеттік университетте «Бухгалтерлік есеп және аудит» кафедрасының доценті, аға оқытушысы болып еңбек еттім. Көп ұзамай Түркістан, Талдықорған, Ақтау қалаларының жоғары оқу орындарынан қызметке шақырған сұраныстар келіп түсті. Менің таңдауым кәрі Каспий жағасындағы әсем қала Ақтаудағы «Болашақ» институтына түсті. Мен сол жерде он жылға жуық экономикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі болып қызмет жасадым. Содан кейінгі жылдары отбасы жағдайымен Астана қаласына көшіп, сол жердегі «Қаржы академиясы» АҚ және Қазақ технология және бизнес университеттерінде қызметте болдым. Өткен жылы Ақтауымызға қайта оралып, осы кәсіпорынға жұмысқа кірдім. Комбинат жұмысы өте ерекше әрі маңызды. Сондықтан, мені ғалым ретінде қызықтыратын көп мәселелер бар,- дейді Гаухар Жүнісқызы.

Гаухар Жұмабекованың жетекшілігімен 70-тен астам магистрлік диссертациялар қорғалды, 70-тен астам ғылыми жұмыстары мен мақалалары отандық, шетелдік баспасөз беттерінде жарияланды, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған Экологиядағы есеп, Саудадағы есеп, Қаржылық талдау, Басқару есебі тақырыптарында 1 монография, 3 оқу құралы жарық көрді. Сондай-ақ, Гаухар Шотландияның (Эдинбург қ., Ұлыбритания) Алқабилер институтынан дәріс алып, алғашқы Халықаралық қаржылық есеп стандарттарының Қазақстандық нұсқасын әзірлеген ғалымдар тобының бірі болып табылады. 2016 жылғы «АССА Дипифр» Халықаралық қаржылық есептілік бойынша және «ҚЕХС сәйкес Бухгалтерлік есеп» бойынша диплом алса, 2017 жылы «Еуразиялық бизнес- келешек» бағдарламасы бойынша Санкт-Петербург мемлекеттік экономикалық университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Саналы ғұмырын ғылымға арнаған Гаухар Жүнісқызы бақытты отбасында аяулы жар, ардақты ана. Әрдайым еңбегін қолдап, арқа сүйейтін жан жары Нұрадин, оңы менен солында алтын қыздары Жазира мен Ғазизасы бар.

Ғылыммен айналысу «инемен құдық қазғандай» десек, бұл жолда маңдай тер төгіп жүрген ғалымдардың еңбегі де өлшеусіз екені сөзсіз. Ғылымы дамыған елдің әрқашан мәртебесі де биік!.

Гулбаршын Байназарова



АВТОКӨЛІК БАСҚАРМАСЫНДА ЖАҢА КӨЛІКТЕР

«МАЭК» ЖШС Автокөлік басқармасы жаңа көліктермен толығатын болды. Алдыменен мұнда 25 тонналық автокран және сыйымдылығы 10 текше метр болатын ассенизатор және Shacman жүк көліктері келіп жетті. Автокөлік басқармасы кәсіпорынның үздіксіз өндірістік қызметін қамтамасыз ететін маңызды бөлімшелердің бірі. Комбинат қызметкерлерін жұмыс орнына, үйлеріне жеткізу, бөлімшелерді өндіріс жұмысында пайдаланатын арнайы көліктермен қамту міндеттерін атқаратын басқармадағы көліктерді жаңарту мәселесі де бүгінде басты назарда.

«Автокөлік басқармасындағы техникалар мен көліктердің басым көпшілігі ескірген. Сол себепті көліктер жиі-жиі жөндеуді қажет етеді. Биыл кәсіпорын жабдықтарын жаңартып, жаңғырту бағдарламасы іске қосылып, көптеген ауқымды жұмыстар жүзеге асып жатқанын білесіз. Сонымен қатар, біздің көлік басқармасы паркін де жаңа техникалармен, арнайы көліктермен толықтыру қолға алынууда. Жыл аяғына дейін тағы басқа да көліктерді сатып алу жоспарлануда», - дейді Автокөлік басқармасының басшысы Бағдат Тұрлыбек.

НОВАЯ СПЕЦТЕХНИКА В УАТ

Последний месяц осени принес приятный сюрприз и для управления автотранспорта. Его автопарк пополнился тремя единицами новой техники: автокраном 25-тонн и ассенизатором с цистерной 10 кубометрови самосвалом Shacman. УАТ успешно выполняет свои обязательства по предоставлению транспортных услуг всем подразделениям энергокомбината. И сегодня его руководство уделяет большое внимание вопросу обновления автопарка.

«Большая часть автотранспортных средств в УАТ устарела. В связи с чем, автомобили нуждаются в частых ремонтах. В текущем году стартовала программа модернизации предприятия, в этом направлении ведутся масштабные работы. Кроме того, автопарк нашего управления пополняется новой техникой и специализированными автомобилями. До конца года еще планируется

закупить необходимую транспортную технику», - сказал начальник Управления автомобильного транспорта Бағдат Тұрлыбек.



КҮЗГІ СЕНБІЛІК

Қараша айының басында энергокомбинат департаменттері мен бөлімдерінің қызметкерлері сенбілікке шығып 15 шағын ауданның жағалау аумағын тазарту жұмыстарын атқарды. Олар әкімдік бөліп берген аумақтағы барлық қоқыстарды жинап, тазартты. Теңіз жағалауында қалдырылған пластикалық және шыны бөтелкелер, қалталар мен кәмпиттер біреу келіп алып тастағанша жағалауды «безендіріп» жататыны анық.

Сенбі күнгі сенбілікке таңертеңнен кіріскен үлкендердің жанында кішкентай балапандар да жұмыс істеп ата-аналарына қолқабыс жасады. Қаламыздың тазалығына атсалысып, жағалауды жарқыратқан әке,

аналарының бұл игі ісі балалар үшін керемет үлгі болатыны сөзсіз.

Әкімшілік ұйымдастырып, жөнелткен көліктер МАЭК қызметкерлері жинаған көп қоқысты қала сыртына әкетті.

«Сенбіліктің барлық қатысушыларына атқарған жұмыстары үшін алғыс айтамыз. Біздің бастамамызды қала мен облыстың басқа да еңбек ұжымдары қостайды деп үміттенеміз», - деп атап өтті сенбіліктің бастамашылары, кәсіпорындағы «Қуатты арулар» әйелдер клубының төрағасы Гүлмира Төлегенова.

ОСЕННИЙ СУББОТНИК

Говорят, доброе дело два века живёт. В начале ноября на работы по очистке прибрежной территории (15 мкр.) вышли работники департаментов и служб ТОО «МАЭК». На распределенной акиматом территории энергетики убрали весь мусор. Пластиковые и стеклянные бутылки, пакеты и фантики – все это «украшает» набережную, пока кто-то не уберет.

Ранним субботним утром здесь трудились от мала до велика. Некоторые работники приехали с детьми, и это был отличный пример для юного поколения. Дети также активно принимали участие в осеннем

субботнике, наводили чистоту на набережной родного города.

Достаточно большое количество мусора было собрано работниками МАЭК. Транспорт для его вывоза предоставили местные власти.

«Благодарим всех участников субботника за проделанную работу. Надеемся, что нашу инициативу подхватят другие трудовые коллективы города и области», - отметила организатор мероприятия, Председатель Женского клуба энергокомбината «Қуатты арулар» Гүлмира Тулегенова.

